



**“СЕН ҚАЙ
ТЕМПЕРАМЕНТК
Е ЖАТАСЫҢ?”**

Темперамент – XVII ғасырдан бері ғылыми ойды қызықтырған мәселелердің бірі. Оған деген қызығушылықтың төркіні – адамдар бойында болатын дара өзгешеліктер. Әр адамның жан дүниесі өз алдына бір болмыс. Оның қайталанбастығы, бір жағынан, адам тәнінің биологиялық және физиологиялық құрылымы мен дамуына байланысты болса, екіншіден - әлеуметтік ерекше байланыстар мен қатынастарға негіз бола алуында...

Темперамент жөніндегі ғылымның ірге тасын қалаған ежелгі грек ойшыл-дәрігері – **Гиппократ**. Оның тұжырымы бойынша, адамдар төрт «дене шырындарының» - қан, шырыш, өт, запыран - өзара қатынасымен ажыратылады. Осы психологиялық тағылымды арқау ете отырып, ежелгі дүние дәрігері **Клавдий Гален** алғашқы рет темперамент түрлеріне ғылымдық сипат берді. Гален темперамент түрін жоғарыда аталған шырындырдың бірінің басымдылығымен байланыстырды.

К. Гален темпераментті 4 түрге жіктеді:

1) ***Сангвиник (sanguis – қан)***

2) ***Флегматик (phlegm – шырыш)***

3) ***Холерик (chole - өт)***

4) ***Меланхолик (melaschole – запыран)***

Гален енгізген бұл ғажайып жаңалық кейінгі жүзжылдықтар желісінде көптеген ғалымдар ізденісіне күшті ықпалын тигізді.



Чрезвычайно подвижный и деятельный Нодрев — вот пример сангвинического темперамента.



Сангвиник - жылдам қозып шыға келетін, көңіл-күйінің сырттай лезде білінуі, олардың тез арада өзгере кетушілігімен дараланатын адам.




Флегматик - эмоциялық күйі баяу, тез қызып желікпейтін, мінезі салмақты адам. Флегматик өзіне әсер еткен заттар мен құбылыстарды баяу қабылдайды. Көңіл күйі байсалды, орнықты, бастапқы қалпын ұзақ сақтайды. Қимыл-қозғалысы да өте баяу. Флегматик бала оқуда, ойында, еңбекте тиянақты, басқалармен көп араласпайды. Мінезінде байсалдылық, сабырлылық, тұрақтылық анық байқалады. Олар кез келген сезімін сыртқа шығара бермейді, асықпай баппен жүріп тұрады.



Вспыльчивый, увлекающийся д'Артаньян — типичный холерик.



Холерик - эмоциялық қозуы өте шапшаң, қызу мінезді адам; темпераменттің негізгі төрт типінің бірі. Холериктердің психикалық белсенділік деңгейі жоғары, жігерлі, шамшыл, іс-әрекеті шапшаң, адуынды келеді.



Меланхолик - сәл нәрсеге сезімтал, тұйық, сөзге сараң, жайбасар адам. Мұндай адам жүйке жүйесі әлсіз типке жатады. Өйткені оның қозу, тежелу жүйке процестері өте баяулығымен ерекшеленеді. Не нәрсе болса да ішінде сақтайды.

Ежелгі дәуірлерден бастап зерттеушілер адамдардың дене құрылымы және физиологиялық қызметінің ерекшеліктерімен сай келетін көп түрлі әрекет-қылықтарды тастап, ретке келтіруге ат салысты. Осыған орай темпераменттің көп түрлі типологиясы қалыптасты. Бұлардың ішінде назар саларлықтай тип – *Э. Кречмердің* адамның дене құрылымына байланысты дараланып, тума темперамент қасиеттеріне негізделген – конституциялық типологиясы.

Кречмердің конституциялық

ТИПОЛОГИЯСЫ:

1. *Лептосоматик* - бойшаң, нәзік денелі, тар иықты, қол-аяғы ұзын, сидыйған.

2. *Пикник* - мығым, сезімшең, кіші не орта бойлы, қарны қампиған, домалақ бас.

3. *Атлетик* - бұлшық еттері күшті дамыған, денесі мығым, берік, ұзынша не орта бойлы, кең иықты, жамбас сүйектері тартылған.

4. *Диспластик* - дене бітімі қисынсыз. Бұл адамдар әрқилы мүшелік зақымдарға ұшырағандар.

Павловтың айтуынша, жүйке жүйесінің әрбір типінің үш белгісі болады. Ол нерв жүйесінің қозу мен тежелуге негізделген:

- 1) Күшті қозуы тежелуінен басым;
- 2) Күшті қозуы мен тежелуі тең;
- 3) Күшті қозуы мен тежелуі тең, қозғалысы баяу;

Күшті жүйке жүйесі бар адамдарды Павлов тағы екі типке бөлді:

- 1) Күшті ұстамсыз;*
- 2) Күшті ұстамды;*

Павлов өзінің ұсынған типтерін психологиялық темперамент типтерімен салыстырғанда, ол екеуінің тура келгеніне көзі жетті.

СОҢЫ!

!!

Атырау
2011